

АНДАТПА

Бұл дипломдық жоба стеганография пәнінің ауданын зерттеу, пәндік облысын талдау, әр түрлі форматты бейнелердің ішінде ақпаратты жасыруға немесе шығаруға, қосымшаның өнімділігінің программалық жүзеге асыруын талдауға арналған. Дипломдық жобада төрт стеганографиялық әдістердің жұмысы көрсетілген: LSB, Куттера-Джордана-Боссена, палитраны кеңейту әдісі және мен ойлап тапқан «Айтказин» әдісі. «Айтказин» әдісі - ол бірнеше әдістің жиынтығы, қалған үш әдістің құндылықтарын іске асырған. Экономикалық бөлімінде модельді құру үшін қолданылған бағдарламалық өнімдердің коммерцияландыру мүмкіндіктері талдалған. Денсаулық сақтау және қауіпсіздік бөлімінде, желдету жүйесі үшін есептер шығарылған.